

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Тереңкөл ауданы білім беру бөлімінің «Қызылтаң жалпы орта білім беру
мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Мазмұны

I. Білім беру ұйымының жалпы мәліметі	2-3
II. Кадр бөлімін талдау	4
III. Білім алушылардың контингенті	4-11
IV. Оқу-әдістемелік жұмыс	11-18
V. Оқу-тәрбие жұмысы	19-44
VI. Оқу-материалдық активтер	44-45
VII. Жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық пән олимпиадалары	45-48
VIII. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңының жүзеге асырылуы	48-51
IX. Ақпараттандыру және мектептегі кітапхана	52-53
X. Білім алушылардың білімін бағалау	54-55
XI. Білім беру үрдісіне қатысушылар және басқа респонденттерге сауалнама	56-63
XII. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар	64-68

Білім беру ұйымының жалпы мәліметі

Мектептің құрылған жылы: 1965 ж.

Мектептің толық атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Тереңкөл ауданы білім беру бөлімінің «Қызылтаң жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140601, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Қызылтаң ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 5 ғимарат.

Меншік түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме

Басшысының Т.А.Ә.: Аяшев Асыл Бакбергенович (тағайындау туралы бұйрық №8-01/46, 18.08.2025 ж.)

Мектептің сайты:

Электрондық пошта: kyzyltan@bk.ru

Телефон: 87071323424

Мемлекеттік лицензия: Жалпы орта білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға Павлодар облысының білім беру басқармасы, Тереңкөл ауданы білім беру бөлімінің «Қызылтаң жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік лицензия №KZ44LAM00001444 «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінен

2025 жылы 7 сәуірде берілді.

БСН: 050640005576

Мектептің техникалық паспорты

Мектепте қабат саны – 1

Жобалық қуаты – 190 оқушы

Жалпы пайдалы ішкі алаңы 901 шаршы м.

Мектепте 9 оқу кабинеттері бар, оның ішінде

№	Оқу кабинеттері	Саны
1	Математика	1
2	Бастауыш сынып	1
3	Физика	1
4	АӘТД	1
5	Биология	1
6	Тарих	1
7	Қазақ тілі мен әдебиеті	1
8	Компьютерлік сынып	1
9	Мектепалды сынып	1
10	Медициналық кабинет	1

11	Спортзал	1
12	Оқу залы бар кітапхана-1, 8 орын	1
13	Асхана	1
14	Шағын орталық	1
15	Мұғалімдер бөлмесі	1

Мектеп әкімшілігі

Мектеп директоры: Аяшев Асыл Бакбергенович – педагог-зерттеуші, бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі – 27 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Турсунова Бакытгуль Кайраковна – педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 30 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Абишева Алуа Альшимбековна – педагог-модератор, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 18 жыл, Темирова Айгуль Кайруловна, педагог-сарапшы, педагог-психолог, еңбек өтілі – 23 жыл

Директордың ақпараттандыру жөніндегі орынбасары: Қорғанбаев Дүйсенбай Кенжебекұлы – педагог, химия пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 6 жыл.

Мектептің даму бағдарламасы

Бағдарлама мектептің қазіргі заманғы жағдайына талдау жасау негізінде әзірленеді және мектептің білім беру жүйесінің дамуының басқарылуын анықтайтын құжат болып табылады.

Тақырыбы: «Білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру және жаһандану үрдісіне қабілеттіліктерін қалыптастыру».

Мақсаты: мектептегі білім беру үрдісінде ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, жаһандану жағдайына бейім тұлғаны дайындау

Міндеттері:

- 1) бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын игеру;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің функционалдық сауаттылығын жетілдіру үшін жағдай жасау;
- 3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген білімнің базистік негіздерін меңгерту;
- 4) тұлғаның шығармашылық, рухани-адамгершілік мүмкіндіктерін дамыту, ұлттық мүдде, талап, ар-ұят құндылықтарын қалыптастыру;
- 5) жаңа заман ағымына бейімделе алатын тұлға тәрбиелеу.

Кадр бөлімін талдау

Мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі – педагогтардың кадрлық әлеуетін дамытуға және оған жүктелген функцияларды орындауға және оқу орнының ұзақ мерзімді даму мақсаттарына қол жеткізуге байланысты білім сапасын арттыруға жағдай жасау. Барлық мұғалімдердің педагогикалық білімі бар.

Білімі	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы
Мұғалімдердің жалпы саны	26	24	25
Жоғары	26	23	24
Арнаулы орта	0	1	1

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру – мектеп ішінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және біліктілікті арттыру курстарында оқыту арқылы мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетіп, олардың біліктілігін арттыратын мектеп әкімшілігінің маңызды міндеттерінің бірі.

Мұғалімдердің біліктілік санаттары туралы мәліметтер

Біліктілік санаты	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы
Бірінші	1	-	-
Екінші	-	-	-
Жоғары	-	-	-
Педагог-модератор	2	7	9
Педагог-сарапшы	5	5	6
Педагог-зерттеуші	7	6	5

Мұғалімдердің қайта даярлау курстары туралы мәліметтер

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Мұғалімдер жыл сайын қайта даярлау курсынан өтеді.

Біліктілік арттыру курстары	2023 жылы	2024 жылы	2025 жылы
	8 мұғалім	6 мұғалім	14 мұғалім

Білім алушылардың контингенті

Ағымдағы оқу жылы оқу аптасы 5 күннен құрылған, 2 ауысымда оқиды. Оқу мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2025-2026 оқу жылында мектепте 67 оқушымен қамтылған, 11 сынып-комплекті.

Білім алушылар контингентінің құрылымы және білім сапасы

Оқыту сатысы	Оқушылар саны	%
Бастауыш мектеп	21	31
Негізгі мектеп	34	51
Орта мектеп	12	18
Жалпы	67	100

Оқу жылдары	Бастауыш білім беру (1-4)	Негізгі орта білім беру (5-9)	Жалпы орта білім беру (10-11)	Мектеп бойынша (1-11)
2023–2024 оқу жылы	24/33 %	42/58%	7/9%	73/100%
2024–2025 оқу жылы	19/27 %	37/54%	13/19%	69/100%
2025–2026 оқу жылы (1 тоқсан)	21/31%	34/51%	12/18%	67/100%

Оқушылардың қозғалуы объективті себептермен, негізінен тұрғылықты жерінің өзгеруімен байланысты.

Жалпы орта білім беру ұйымының түлектері

Түлектер	2022–2023 оқу жылы	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы
Оқу жылының соңындағы 11-сынып оқушыларының саны	3	4	6
Аттестат алған оқушы саны	3	9	-
«Алтын белгі» иегерінің саны	-	1	-
Үздік аттестат иегері	-	-	-
Мектепті «4», «5»-ке бітірген оқушы саны	1	4	5

Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері бойынша оқыту процесін ұйымдастыру

ЕББҚ оқушылар саны	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы
	1	1	1

2023-2024 оқу жылында:

№ р/с	Аты - жөні	Сыныбы	ПМПК анықтамасы
1	Әбуталап Аяна Әдледқызы	5	Орташа түрдегі зияттың бұзылуы, негізгі орта білім берудің жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту

2024-2025 оқу жылында:

№ р/с	Аты - жөні	Сыныбы	ПМПК анықтамасы
1	Әбуталап Аяна Әдледқызы	6	Орташа түрдегі зияттың бұзылуы, негізгі орта білім берудің жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту

2025-2026 оқу жылында:

№ р/с	Аты - жөні	Сыныбы	ПМПК анықтамасы
1	Әбуталап Аяна Әдледқызы	7	Орташа түрдегі зияттың бұзылуы, негізгі орта білім берудің жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту

Мектепалды сынып бойынша талдау

2025-2026 оқу жылында мектепте 1 мектепалды сынып бар, мемлекеттік тілде оқытылады. Мектепалды сынып тәрбиешісі: Мусабеева Т.К. Оқушылар саны – 6.

Кестедегі оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды. Сабақ кестелері құрылған. Перспективалық жоспар сабақ кестесімен сәйкес келеді, сабақ тақырыбы мен мақсаты көрсетілген. Сыныптар бойынша циклограммалар құрылған.

Мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы 7 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымша) негізінде құрылды.

Мектепалды сыныпта ұйымдастырылған іс-әрекеті мен балалар әрекетіне аптадағы нормативтік жүктеме көлемі-20 сағат.

* Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекетке уақыт бөлінеді.

Мектепалды сыныбында тәрбие білім беру процесі мыналарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Перспективалық жоспар
- Циклограмма
- Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу (бастапқы, аралық, қорытынды)

Перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педогогтар (қазақ тілі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және т.б) бір оқу жылына арналған мақсат, міндеттер негізінде жасайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламалары баланың толыққанды физикалық дамуы, өмірін

қорғау және денсаулығын нығайту, сөйлеу және ана тілін, қарым қатынас мәдениетін дамыту, баланың бейнелеу, көркемдік сөйлеу, музыкалық іс-әрекеттің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Білім беру салаларын зерделеуге бөлінген ұйымдастырылған оқу қызметінің саны нормадан аспайды және оқытудың жас кезеңіне сәйкес келеді. Ұйымдастырылған оқу қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жоспарына сәйкес, жас ерекшеліктеріне сәйкес бөлу психикалық және физикалық белсенділіктің ауысуын ескере отырып жасалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектепалды сыныбы педогогтарының тәрбие -білім беру қызметінің негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту, балалардың жасына және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білімдері мен дағдыларын, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру үшін қолайлы қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, тәрбиелеу болып табылады. «Біртұтас тәрбие» бойынша «Адал азамат» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ұлттық құндылықтар, дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылықты, сондай ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік психологиялық, жеке, ерікті физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру. «Білім туралы» ҚР Заңының 28-бабына сәйкес білім беру ұйымы жүзеге асыратын оқу тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу. Оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады.

Оқу сабақтарының кестесі педагог қызметкерлердің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын уақытылы және сапалы орындауына байланысты мектепке дейінгі мекеменің оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруды жоспарлаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Оқу кестесі теориялық және практикалық сабақтарды, сондай-ақ бақылау іс-шараларын өткізу реттілігін айқындау бөлігінде тәрбиеленушілердің оқу материалдарын қабылдауы мен игеруін педогогикалық – психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруды реттейтін негізгі жоспарлау құжаттарының бірі болып табылады. Сабақ кестесі оқу процесін сапалы ұйымдастырудың тиімділігін қамтамасыз етуді басқарудың шешуші құралдарының бірі болып табылады.

Мектепалды сыныбында ОЖБ (сабақты) жоспарлау кезінде мынадай қағидалар сақталады.

- Оқу жүктемесі сақталады (ОД саны мен ұзақтығы ТБТ ға сәйкес жүргізіледі)
- Білім беру процесі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді (айтарлықтай ақыл-ой жүктемелерін қажет ететін ОЖЖ аптаның ортасында белсенді);
- Режимдік процестерді жүргізу кезінде санитарлық гигиеналық, дидактикалық талаптар енгізіледі;
- Климаттық ерекшеліктерді ескеру (серуендеу, сауықтыру, ертеңгіліктер т.б.);
- Балардың жеке ерекшеліктері ескеріледі;
- Педагогтар ОЖБ және басқа да еркін қызмет түрлерінде тәрбиелік, оқыту және дамыту міндеттерін іске асырады және өзара байланыстырады;

- Мұғалімдер балаларды эмоционалды жеңілдету бойынша жұмыстар жүргізіледі; (психогимнастика, релаксация, ертегі терапиясы, музыка және т.б)
- Барлық мұғалімдер интеграцияланған нысандарын жоспарлау кезінде өзара әрекеттеседі;

Ұйымдастырылған іс-әрекет Санпин талаптарына сай әзірленген. Ол мұғалімге оқу жылы ішінде балалармен жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Апталық жүктеме рұқсат етілген шекті нормадан аспайды және ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен айқындалады. Тәрбиеленушілердің апталық жүктемесінің рұқсат етілген ең жоғары көлемі, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы баланың денсаулығымен психикасын қорғау мақсатында енгізіледі. Жасалған ОЖБ кестесі – бұл балабақшаның педагогикалық кеңесінде бекітілген, директор куәландырылған және әр мұғалімге міндетті құжат.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін өткізуден, серуендейден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуіне дейін режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- Аптаның әр күніне арналған перспективалық жоспарда ұйымдасқан іс-әрекеттің міндеттеріне сәйкес балалармен іс-әрекет түрлерін анықтау;
- Бағдарламалық материалды бөлу жүйелілік пен жүйелілік принципін сақтау;
- Балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық технологияларын және әдістерін қолдану;
- Әр баланың іс-әрекетін ұйымдастыру үшін ыңғайлы пәндік даму ортасын құру (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімділігін қарастыру, оның мүмкіндіктерін парынша пайдалану).

Сондай-ақ балалар іс әрекетінің түрлерін ұйымдастыруды тек үстелдегі топтық бөлмеде ғана емес, сонымен қатар ойын алаңында серуендеу кезінде, күннің біріншіжартысында балаларға ыңғайлы жағдай жасау ұсынылады.

Оқу процесін жоспарлау кезінде балалар іс әрекетін ұйымдастырудың әр түрлі формаларының әдістері мен қолданылуы ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектепалды сыныбы (5 жас) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психофизиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады.

Оқушылардың білімін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға критерийлер:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда).

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін бақылау;
 - балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
 - жедел білім беру негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- түзету шараларын жоспарлау;
- баланың типтік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейін анықтаңыз.

Нәтижелер «бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс-шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Қорытынды: балалардың дағдылары мен дағдыларының дамуын бақылау мониторингі ынталандырады

үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру бойынша педагогтердің жұмыс сапасын жетілдіру. ДДУ-дағы балалардың даму мониторингі әртүрлі кезеңдердегі даму динамикасын бекітуге мүмкіндік берді, жеке дамуға сауатты педагогикалық қолдау көрсетті және онымен одан әрі жұмысты түзетеді.

Талаптарға сәйкес мониторинг мүмкіндік берді:

- балалардың жетістіктерін объективті бақылау;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- педагогтердің түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесі;
- баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы типтік бағдарламаны игеру деңгейін анықтау.

Балалардың барлық білімі мен дағдылары балалардың жеке даму картасында көрініс тапты.

- тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы:

2023-2024 оқу жылы

Бастапқы талдау нәтижелері келесідей: барлығы балалар-5

1 деңгейі төмен балалардың үлесі-67%

2 орта деңгейдегі балалардың үлесі-33%

3 деңгейі жоғары балалардың үлесі- 0%

2024-2025 оқу жылы

Бастапқы талдау нәтижелері келесідей: барлығы балалар-7

- 1 деңгейі төмен балалардың үлесі-67%
- 2 орта деңгейдегі балалардың үлесі- 33%
- 3 деңгейі жоғары балалардың үлесі-0%

2025-2026 оқу жылы

Бастапқы талдау нәтижелері келесідей: барлығы балалар-6

- 1 деңгейі төмен балалардың үлесі –33%
- 2 орта деңгейдегі балалардың үлесі -50%
- 3 деңгейі жоғары балалардың үлесі-17%

Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдауы

2023-2024 оқу жылы

Қорытынды талдау нәтижелері келесідей: барлығы балалар-5

- 1 деңгейі төмен балалардың үлесі – /0%
- 2 орташа деңгейі бар балалардың үлесі –0%
- 3 деңгейі жоғары балалардың үлесі-100 %

2024-2025 оқу жылы

Қорытынды талдау нәтижелері келесідей: барлығы балалар-7

- 1 деңгейі төмен балалардың үлесі –/0%
- 2 орташа деңгейдегі балалардың үлесі-/0%
- 3 деңгейі жоғары балалардың үлесі- 100%

Оқу-әдістемелік жұмыс

Базалық білім беру деңгейін талдау

2023-2024 оқу жылына мектептің жұмыс оқу жоспары:

2023-2024 оқу жылындағы Павлодар облысының білім беру басқармасы, Тереңкөл ауданы білім беру бөлімінің «Қызылтаң жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 1-11-сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде іске асырылды.

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);
2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 30.09.2022 ж. №412, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);
3. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің

үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығы);

4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

5. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

6. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы, 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №614 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

7. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда-ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194) бұйрығымен оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылып жатыр.

Вариативтік компоненттен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1-сыныпта аптасына 1 сағат «Логикалық тапсырмалар», 2-сыныпта аптасына 1 сағат «Сандар сиқыры», аптасына 1 сағат «Тіл дамыту», 3-сыныпта аптасына 1 сағат «Математикалық сауаттылық», 4-сыныпта аптасына 1 сағат «Математика әлемінде», жаһандық құзыреттілік пәніне 5-сыныпта 0,5 сағат, 6-сыныпта 0,5 сағат, 7-сыныпта 0,5 сағат, 8-сыныпта 0,5 сағат, 9-сыныпта 1 сағат, 10-сыныпта 1 сағат, 11-сыныпта 1 сағат, элективті курстарға 10-сыныпта 1 сағат «Тіл мәдениеті», 1 сағат «Қазақтың ұлы хандары», 11-сыныпта 1 сағат «Ұлы дала мұрасы», 1 сағат «Ежелгі түркілер» курстарына берілді.

2024-2025 оқу жылына мектептің жұмыс оқу жоспары:

1-11-сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде іске асырылды.

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы;

3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім

беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы;

4. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

6. «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;

7.«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы) бұйрығы негізінде жүзеге асырылып жатыр.

Вариативтік компоненттен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1-сыныпта аптасына 1 сағат «Логикалық тапсырмалар», 2-сыныпта аптасына 1 сағат «Сандар сиқыры», аптасына 1 сағат «Тіл дамыту», 3-сыныпта аптасына 1 сағат «Математикалық сауаттылық», 4-сыныпта аптасына 1 сағат «Математика әлемінде», «Жаһандық құзыреттілік» пәніне 5-сыныпта 0,5 сағат, 6-сыныпта 0,5 сағат, 7-сыныпта 0,5 сағат, 8-сыныпта 0,5 сағат, 9-сыныпта 1 сағат, 10-сыныпта 1 сағат, 11-сыныпта 1 сағат, элективті курстарға 10-сыныпта 1 сағат «Теңдеулер мен теңсіздіктер», 1 сағат «Химиялық реакциялар», 11-сыныпта 1 сағат «Ұлы дала мұрасы», 1 сағат «Ежелгі түркілер» курстарына берілді.

2025-2026 оқу жылына мектептің жұмыс оқу жоспары:

1-11-сыныптарында білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

2. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығы;

3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы;

4. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 6-қосымша)

5. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы, 86-қосымша)

6. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

6. «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы (03.06.2025 ж. өзгерістермен) негізінде жүзеге асырылып жатыр.

Вариативтік компоненттен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1-сыныпта аптасына 1 сағат «Жылдам оқыту», 2-сыныпта аптасына 1 сағат «Қазақ тілінен саралау тапсырмалары», аптасына 1 сағат «Бастауыш сыныптардағы математикалық логика», 3-сыныпта аптасына 1 сағат «Логикалық математика әлемінде», 4-сыныпта аптасына 1 сағат «Ұлттық құндылықтар», «Жаһандық құзыреттілік» пәніне 5-сыныпта 0,5 сағат, 6-сыныпта 0,5 сағат, 7-сыныпта 0,5 сағат, 8-сыныпта 0,5 сағат, 9-сыныпта 1 сағат, 10-сыныпта 1 сағат, 11-сыныпта 1 сағат, элективті курстарға 10-сыныпта аптасына 2 сағат, 11-сыныпта аптасына 2 сағат берілген. 10-сыныпта аптасына 1 сағат «Физика заңдылықтары», аптасына 1 сағат «География және цифрлық технологиялар», 11-сыныпта аптасына 1 сағат «Физикадан есептер шығару практикумы», аптасына 1 сағат «Туризм және рекреациялық география» курстарына берілді.

2023-2024 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру

Сынып	Курстың атауы	Пәні	Мұғалімі
1	«Логикалық тапсырмалар»	Математика	Баяндина А.Ж.
2	«Сандар сиқыры»	Математика	Аяшев А.Б.
	«Тіл дамыту»	Қазақ тілі	Баяндина А.Ж.
3	«Математикалық сауаттылық»	Математика	Муздыбаева К.К.
4	«Математика әлемінде»	Математика	Саримова А.А.
5	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.

6	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
7	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
8	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
9	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
10	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Уралова О.А.
11	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Уралова О.А.
10	«Тіл мәдениеті»	Қазақ тілі	Уралова О.А.
10	«Қазақтың ұлы хандары»	Тарих	Алимбаев Е.Е.
11	«Ұлы дала мұрасы»	Қазақ әдебиеті	Уралова О.А.
11	«Ежелгі түркілер»	Тарих	Алимбаев Е.Е.

2024-2025 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен таңдау пәндерін жүзеге асыру

Сынып	Курстың атауы	Пәні	Мұғалімі
1	«Логикалық тапсырмалар»	Математика	Саримова А.А.
2	«Сандар сиқыры»	Математика	Баяндина А.Ж.
	«Тіл дамыту»	Қазақ тілі	Баяндина А.Ж.
3	«Математикалық сауаттылық»	Математика	Аяшев А.Б.
4	«Математика әлемінде»	Математика	Муздыбаева К.К.
5	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
6	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
7	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
8	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
9	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
10	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Уралова О.А.
11	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Уралова О.А.

10	«Теңдеулер мен теңсіздіктер»	Математика	Хамит Н.А.
10	«Химиялық реакциялар»	Химия	Қорғанбаев Д.К.
11	«Ұлы дала мұрасы»	Қазақ әдебиеті	Уралова О.А.
11	«Ежелгі түркілер»	Тарих	Алимбаев Е.Е.

**2025-2026 оқу жылында вариативтік компоненттің элективті курстары мен
таңдау пәндерін жүзеге асыру**

Сынып	Курстың атауы	Пәні	Мұғалімі
1	«Жылдам оқыту»	Ана тілі	Муздыбаева К.К.
2	«Қазақ тілінен саралау тапсырмалары»	Қазақ тілі	Саримова А.А.
	«Бастауыш сыныптардағы математикалық логика»	Математика	Саримова А.А.
3	«Логикалық математика әлемінде»	Математика	Баяндина А.Ж.
4	«Ұлттық құндылықтар»	Әдебиеттік оқу	Мундуин А.К.
5	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
6	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
7	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
8	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
9	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Елубай К.К.
10	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Уралова О.А.
11	«Жаһандық құзыреттілік»	Жаһандық құзыреттілік	Уралова О.А.
10	«Физика заңдылықтары»	Физика	Ғосман А.С.
10	«География және цифрлық технологиялар»	География	Алимбаева Р.Т.
11	«Физикадан есептер шығару практикумы»	Физика	Ғосман А.С.
11	«Туризм және рекреациялық география»	География	Алимбаева Р.Т.

Үздіктер мен екпінділер саны

	2022–2023 оқу жылы	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы
Үздіктер			
Жылдық	12	10	12
Екпінділер			
Жылдық	32	35	31

Орташа балл бойынша ҰБТ нәтижелерінің салыстырмалы деректері

Жыл	Жалпы бітірушілер	ҰБТ қатысушыларының саны	ҰБТ орташа балл
2022–2023 оқу жылы	3	3	45
2023–2024 оқу жылы	4	4	83,8
2024–2025 оқу жылы	6	6	77,3

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

«Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі-ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсы оқыту:

- ✓ 1-4-сыныптарда-«Дүниетану» пәні аясында;
- ✓ 5-9-сыныптарда –«Дене шынықтыру» пәні аясында;
- ✓ 10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

ӨҚН оқушыларға оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығын күшейту үшін оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде мұғалімдер жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік және құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырады. Сабақтарда мұғалімдер оқушылардың жеке қасиеттерін көрсетуге және дамытуға жағдай жасайды, олардың мүдделерін, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескереді.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы мектебімізде бастауыш сынып мұғалімдерімен, 5-8-сынып жетекшілерімен, сынып сағаты сабақтарында іске асырылады. 1-4-сыныптардың тәрбие сағаттарының жоспарына 6 сағат, 5-8-сыныптардың 10 сағаттық жол ережесі бойынша тақырыптар кіріктірілді. Әдеттегідей, сабақты сынып жетекшілер жүргізеді және ЖҚЕ оқытып, үйретуге

жауапты топ пен әкімшілік бақылауда ұстайды.

Оқыту және сыныптан тыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз орындауға, тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер көрсетіледі. КТҚ-лар, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады. Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар, сауалнамалар көмегімен оқушының ЖҚЕ қалай меңгергендігін анықталады.

***Оқу-тәрбие жұмысы**
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылында өткізілген іс-шаралар

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;
- жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;
- табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Қойылған міндеттерге байланысты мектеп оқушыларымен ата-аналармен жүргізілген тәрбие жұмысының мазмұны:

Тәрбие жұмысының Республикалық кешенді жоспары негізінде мектептің тәрбие жұмысының жоспары жасалды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілді.

«Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтарын дамыту іс-шаралары жүзеге асырылды.

Жүзеге асырылған іс-шаралар #біртұтас_тәрбие , #цппр хэштегтерімен мектептің әлеуметтік парақшасында жарияланып отырды.

Қыркүйек айы бойынша: «Мектебім-мейірім мекенім» 1-11 сыныптарда бірыңғай сынып сағаты және салтанатты жиын өтті. «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында 1-11 сыныптарда, «Адал азамат-әділетті Қазақстан», «Мен өскенде кім болам?» атты сынып сағаттары өткізілді. Сыныптан тыс «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» атты аудандық тілдер айлығы аясында тәрбие шаралары, 5-9 сынып ата-аналар үшін «Баланың бас ұстазы-ата-анасы» тақырыбында тәрбие жұмысы, «Отбасы күніне» орай апталық іс-шаралар ұйымдастырылып, «Еңбегі адал - жас өрен» жобасы бойынша 5-9 сынып оқушыларынан «Еріктілер» ұйымы құрылды. «Денсаулық күні» мерекесіне орай «Табиғат аясына саяхат» сергіту сәті ұйымдастырылды.

Қазан айы бойынша: 1-11 сыныптарда «Қарттарым аман-сау жүрші», «Алаш азаматтары», «Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері мен даму жоспарлары» , «Ою ойғанның ойы ұшқыр» (қолөнер сабағы) тақырыптарында сынып сағаттары

өткізілді. Сыныптан тыс «Қарты бар ел-қазыналы ел», «Ұстаздық еткен...!», «Family Day», «Экоboom» Облыстық жобасы аясында іс-шаралар аталып өтіп, ата-аналар үшін «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында баяндама жасалды. «25 қазан-Республика күні» мерекесі тойланып, «Алтын күз, берекелі жарқын күз!» сайысы, мектеп Президентін сайлау, 6-7 сыныптарда «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» таным сабағы және спорттық ойындар лигасы өтті.

Қараша айы бойынша: 1-11 сыныптар арасында «Оян, ар мен адалдық», «Ұлттық валюта күні», «Саналы ұрпақ-қамсыз болашақ» сынып сағаттары өткізілді. «Күзде оқып жалықпаймыз», «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша кітап оқу іс-шарасы ұйымдастырылды. «Отан туым» акциясына мектептің 1-11-сынып оқушылары белсене қатысты. «Мирас» ұлдар клубында «Зиянды әдеттерден аулақ бол» сауалнамасы ұйымдастырылып өткізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша зиянды әдеттерге әуес оқушылар анықталған жоқ. 1-5 сынып оқушылары «Жүргізушіге хат» Облыстық челленджіне қатысты. «Мектепке апарар қауіпсіз жол» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Желтоқсан айы бойынша: «Тәуелсіздік құрбандарын еске алу», «Ұлттық рух тәуелсіздік тірегі» тақырыптарында тәрбие шаралары барлық сыныптарда өтті. «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы бойынша «Отбасы -тәрбиенің алтын бесігі» ата-аналармен тәрбие сағаты өткізілді. «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында «Ақпыз, кара, сарымыз» атты түрлі түсті кеш 1-10 сыныптарда ұйымдастырылды. «Ғасыр дерті!» СПИД-ке қарсы үшкүндік ұйымдастырылды. Жаңа жылды қарсы алу кеші мектеп бойынша ұйымдастырылып өткізілді.

Қаңтар айы бойынша: «Қыста кітап оқимыз» акциясына оқушылар белсене қатысты. Қауіпсіз орта қалыптастыру: «Интернет зардаптарының алдын-алу», «Ақпараттан ақ-қараны ажырату» тақырыптарында мақсатты іс-шаралар өткізілді. Спорттық дәстүрлі мектепшілік жарыстар өтті. 5-9- сыныптарда С.Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толуына орай «Сыр сандық» поэзия кеші өткізілді.

Ақпан айы бойынша: 1-11-сынып оқушыларымен «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы», «Ғылым таппай мақтанба», «Қазақтың Қанышы», «Үйрен жақсы әдеттен» тәрбие сағаттары, « Б.Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл» , «Ш.Аймановтың туғанына 100 жыл», «Өшпес ерлікке мәңгілік тағзым» тақырыптарында сыныптан тыс әдеби кештер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Наурыз айы бойынша: 1-11-сынып оқушыларына «Табысты тұлға», «Аналар мерекесі», «Адалдық адамдықтың белгісі», «Атадан өсиет -анадан қасиет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. «Наурыз» мерекесін тойлау жеке жоспар бойынша Республикалық онкүндік аясында кең ауқымда тойланды. Бұл он күндік барысында ұлттық құндылыққа негізделген іс-шаралар және спорттық ойындар, ұлттық ойындар, жарыстар өткізілді.

Сәуір айы бойынша: Ай бойы мектеп оқушылары «Экологиялық мәдениет» акциясында өз белсенділіктерін көрсетті. Құстарға қамқорлық ұйымдастырылды. Керексіз заттарды қайта өңдеудің маңыздылығын түсіндіру мақсатында тәрбие

сағаттары өтті. Ағаш көшеттері отырғызылып, тазалық апталығы болып өтті. 1-11-сыныптарда «Тиімді әрі пайдалы тамақтану», «Буллинг. Кибербуллинг», «Достық көмекпен мықты» тақырыптарында алдын алу шаралары өтті.

Мамыр айы бойынша: 1-11 сыныптарда «Ұстазға алғыс», «Тәліммен өрілген тәрбие», «Менің кіші Отаным», «Ұлы Жеңіс таңы» тақырыптары бойынша тәрбие сабақтары өтті. Түлектердің аллеясы, балалар өмірінің қауіпсіздігі, спорттық кросстар ұйымдастырылып өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жоспары бойынша 2023-2024 оқу жылында өткізілген іс-шаралар.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру барысында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында құрылып отыр.

Орталық жетекшісі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тағайындалды. Құрамына әлеуметтік педагог, педагог-психолог және тәжірибелі сынып жетекшілер енді.

Орталық жұмыс жоспарына сай төмендегідей тәрбие жұмыстары жүргізілді. 1- 4-сынып оқушыларының ата-аналары үшін: «Отбасылық дәстүрлер», «Әрбір бала – жарық жұлдыз», «Білімдіге дүние жарық», «Баланы жастан...», «Құмар ойындары-тәуелділік қақпаны», «Сенім арту – жетістік кепілі», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» тақырыптарында тәрбие сабақтары, дөңгелек үстел, тренинг, дәріс түрлерінде өтті.

5-9-сынып ата-аналарымен «Отбасылық дәстүрлер», «А қылыңды мейірімге орап бер» тақырыптарында тәрбие сабақтары өтті. Отбасы және бала тәрбиесі: «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу, дені сау тұлға тәрбиелеу спорттық ойын-жарыс, «Дені сау ұрпақ-жарқын болашақ», Буллинг пен Кибербуллингтен қорғау мақсатында «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері», Жасөспірімнің желідегі әрекетін бақылауды үйрету мақсатында, «Әр нарсеннің өлшемі бар...», «Қажет» пен қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады? Тақырыптарында тәрбие сабақтары өтті. Талап құндылығын дамыту мақсатында, «Шаңырақ» жобасы бойынша киіз үй құру: «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» тақырыптарында түрлі іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді.

10-11-сынып оқушыларының ата-аналарымен «Отбасылық дәстүрлер», «Көркем мінез – баға жетпес байлық», «Қыз қылығымен қылықты», «Сүйіспеншілік -сыйластық кілті», «Күйзелістен шығар жол» тақырыптары бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.

Осы орталық аясында «Даналық» жеңгелер клубы жұмыс істейді. «Отбасы және бала тәрбиесі», «Қыздар білуге тиіс...», «Қыз қылығымен қылықты», «Бауырсақ PARTY» тақырыптарында әңгіме-сұхбат, қыз балалар үшін кеңестер мен практикалық сабақтар өтті. Орталық үшін арнайы жабдықталған бөлме жоқ. Ауа-
21

райының қолайсыздығына орай қыс айларында бірнеше тәрбие жұмыстары онлайн форматта да өткізіліп отырды.

Жасөспірімдер арасындағы және оларға қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілген жұмыстар:

I. Жол апаттарының және ондағы балалар жарақатының алдын-алу ісі:

«Жолда жүру ережелері» сабағы 1-8 сыныптарда өткізіледі.

ӨҚН пәндермен кіріктіріліп өткізіледі.

Жолдағы қауіпсіздік және жол апатынан балалардың жарақатының алдын-алу мақсатында балалармен жасөспірімдерге жүргізілген тәрбие жұмыстары: «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз мектеп ортасы», «Жүргізушіге хат», «Мұз үстіндегі қауіпсіздік» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары өтті.

II. Жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыру.

Құқық бұзушылықтың алдын-алудағы басты назар олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруда болу керек. Бұл мақсатты шара барысында төмендегідей үйірме, клуб жұмыстары жүргізіледі. 8 секциясы жұмыс істейді. Олар: «Алға» спорт клубы, 8 спорт секциясы, «Үкілі домбыра» үйірмесі, «Сырласу» қыздар клубы, «Мирас» жасөспірімдер клубы, «Жасыл ел» клубы, «Адал ұрпақ», «Жас қыран» «Жас мерген».

Сондай-ақ балалардың демалыс кезіндегі бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыру мақсатында арнайы жоспар құрылады.

III. Жасөспірім тәрбиесі бойынша құқық бұзушылықтың алдын-алу, зорлық-зомбылықтың алдын-алу, жыныстық қол сұғылушылықтың алдын-алу, суицидтің алдын-алу, әлімжеттік пен жәбір көрсетудің алдын-алу мақсатында тәрбие сағаттары өтті. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, өзіне-өзі қол жұмсаудың, зорлық –зомбылықтың алдын-алу бойынша психолог, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог бірлесе жоспарлы және қажеттігіне орай жедел әрекет ету түрінде тәрбие жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ: «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық әрекеттерін жасаудың алдын-алу», «Жолдағы қауіпсіздік ережесін сақтау», «Зиянды әдеттердің алдын-алу», «Ұлдар арасында» тақырыптары бойынша жергілікті полиция инспекторымен оқу жылы көлемінде 4 рет кездесу өтті. Мектеп психологымен «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын-алу» мақсатында жасырын сауалнама, ұл балалардан «Зиянды әдеттерге әуестікті» анықтау мақсатында психологиялық сауалнама алынды. «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» акциясы, «20 қараша –дүниежүзілік бала құқығын қорғау күні», «Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны бойынша апталық іс-шаралар жеке жоспар бойынша ұйымдастырылып өткізілді.

2023-2024 оқу жылына арналған наркологиялық бекеттің құрамы құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Наркологиялық бекеттің жылдық жұмыс жоспары құрылды және мектеп директорымен бекітілді.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері бастауыш сынып оқушыларымен «Спорт

зиянды әдеттерге қарсы» эстафеталық жарыс ойындарын өткізді.

5-11-сынып оқушылары арасында «ЖҚТБ– ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру мақсатында «Жаман әдеттен сақтан жас дос!» 7-8-сыныптарға арналған дөңгелек үстел өткізілді. 5-11-сыныптар арасында «ЖҚТБ – ғасыр дерті» тақырыбына тәрбие сағаттары өтті. 5-7-сынып оқушыларымен «Зиянды әдеттерге жол жоқ» тақырыбына сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету, ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру мақсатында 8-11-сынып оқушыларымен «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп оқушылары барлық іс-шараларға белсенді қатысты.

V. Ата-аналармен жұмыс. Мектепте барлығы 41 отбасы. Олардың арасында бала тәрбиесіне қарамайтын ата-ана жоқ. 2 отбасы аз қамтылған отбасы олардың 2 баласы мектеп жасында, 2 отбасы көпбалалы отбасы мектеп жасындағы баласы-6. Ата-аналар арасында ішімдікке, зиянды әдеттерге құмар ата-аналар жоқ. Сондақтан сәтсіз отбасы, қауіпті топ отбасы жоқ.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып, арнайы жұмыс жоспары бойынша барлық жұмыстары жүргізілуде.

Тоқсан сайын барлық сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізілді.

VI. Психодиагностикалық жұмыстың барлық түрлері оқушыға өз мүмкіндіктеріне сенуге көмектесуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және мінездің жағымсыз көріністерін жеңуге деген ұмтылысын ынталандыруға бағытталған. Біздің мектепте нақты міндеттерді шешу кезінде алдын алу мақсатында тұлғалық даму диагностикасы жүргізіледі:

- балалардың даму деңгейін анықтау;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік сынып оқушыларының мектептегі бейімсіздігінің себептерін анықтау, педконсилиумдарды, сыныптық-жалпылама бақылауды дайындау;
- қарым-қатынастың бұзылуының психологиялық себептерін анықтау;
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;
- кәсіби бағыттағы диагностика;
- ІСБ – мен байланысты психологиялық жүктемелерді анықтау;

Консультативтік жұмыс-оқыту, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналармен, мұғалімдермен өзара қарым-қатынас, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту мәселелері бойынша балаларға жеке және топтық консультациялар өткізу.

Мектеп психологы оқушыларға қабілеттерін, бейімділіктерін дамытуға көмектеседі, дамудағы ауытқуларды жеңу, балалардың мінез-құлқы мен тәрбиесінің бұзылуы бойынша жұмыс ұйымдастырады, олардың жеке өсуіне және кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді. Мектептің психологиялық қызметінің ата-аналармен жұмыс жасаудағы қызметі келесі формаларда ұсынылған:

1. Ата-аналар жиналысы-ата-аналармен танысу:

- әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың психологиялық ерекшеліктерімен;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік 9,10 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінен өтуімен;
- ІСБ-мен және оқушылардың тұлғалық дамуы мен мінезінің қалыптасуымен байланысты қиындықтарды жеңу.

1. Әр түрлі мәселелер бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру.

2. Бала тәрбиесімен байланысты өзекті мәселелер бойынша ата-аналарға арналған буклеттер, баяндама оқу.

3. Балалармен тиімді қарым-қатынас бойынша семинарлар, тренингтер.

Тұлғаның рухани- адамгершілік дамуына көп көңіл бөлінді, адамгершілік тәрбиесі мен руханиятты қалыптастыру бүкіл тәрбие процесінің өзегі болып анықталды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын, жеке тұлғаның танымдық қажеттіліктері мен сұраныстарын, қоршаған ортаның әлеуетін ескере отырып, оқу- тәрбие процесін ұйымдастыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау басты назарда.

Экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында Қыркүйек айында 5-11 сыныптар аралығында «Діні қуатты ел дегеніміз не ?» атты тақырып аясында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатын өткізу сынып жетекшілеріне жүктелді. Тәрбие сағатында дін мен мемлекет арасындағы айырмашылық түсіндірілді. Зайырлылық, көп конфессиялы терминдары түсіндірілді. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап берілді.

Қазан айында ауданның бас имамы Маралбек имам жоспарлы кездесуін өткізді. Кездесуге ауыл имамы Ербол имам, 6-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері, дінтану пәні мұғалімі Елубай К.К қатысты. Кездесу барысын өзінің «Жат ағымдар туралы» атты баяндамасымен бастады. Жалпы діндегі жат ағымдар туралы толық мәлімет берді. Олардың адамзат өміріне қауіпі, мақсаттарының қандай болатындығы туралы айтып, әңгімелеп берді. Жат ағымдардан қорғану, олардың ұйымдарына кіріп кетпеудің маңыздылығын түсіндірді. Соңынан оқушылардың тақырыпқа байланысты түрлі сұрақтарына жауап берді.

Қараша айында 9-11 сыныптар аралығында «Иманды ұл, инабатты қыз елдің көркі» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатын өткізу сынып жетекшілерге жүктелді. Тәрбие сағаты барсында оқушылардың дінге деген қызығушылықтары анықталып, қорытынды жасылды. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап берілді.

Желтоқсан айында ауыл мешітінің бас имамы Ербол имам жоспарлы кездесуін өткізді. Кездесуге 8-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері, дінтану пәні мұғалімі Елубай К.К қатысты. Кездесу барысын өзінің «Ата-ананың айтқаны асыл қазына» атты баяндамасымен бастады. Жалпы діндегі ата-ананың рөлі туралы толық мәлімет берді. Ата-анаға деген сыйластық жайлы, ата-ананың әрбір тұлға үшін маңызы жайлы әңгіме қозғалып оқушыларға түсіндірілді. Соңынан оқушылардың

тақырыпқа байланысты түрлі сұрақтар қойылып, Ербол имам сұрақтарға жауап берді.

Қаңтар айында «Ислам және гигиена» атты тақырып аясында 8-11 сынып оқушылары арасында баяндама оқылды. Ислам дініндегі тазалық жайлы және тазалықтың пайдасы жайлы сөз қозғалды. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап берілді.

Ақпан айында «Терроризмнің зардаптары» атты ақпараттық сабақ өткізілді. Оқушыларға видео материалдар ұсынылды. Сабақ барысында терроризмнің зардаптары туралы айтылып оларды қалай алдын алу керектігі түсіндірілді. Сабаққа 8-11 сынып оқушыларының сынып жетекшілері қатысты. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап берілді.

Наурыз айында 8-11 сынып арасында «Жат ұйымдарды қалай танимыз?» атты тақырыпта ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақты тарих пәнінің мұғалімі Елубай К.К өткізді. Ашық сабақ барысында жат ұйымдардың белгілері анықталып, адам өмірі үшін қауіптілігі анықталды. Жат ұйымдарға қарсы қандай іс қимыл жасау керектігі түсіндірілді. Сабаққа 8-11 сынып оқушыларының сынып жетекшілері қатысты. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап берілді.

Сәуір айында ауыл мешітінің бас имамы Ербол имам «Мұсылманшылықтың бес парызы» тақырыбында жоспарлы кездесуін өткізді. Кездесуге 8-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері, дінтану пәні мұғалімі Елубай К.К қатысты. Кездесу барысын Соңынан оқушылардың тақырыпқа байланысты түрлі сұрақтар қойылып, Ербол имам сұрақтарға жауап берді.

Мамыр айында «ҚР тыйым салынған ұйымдар» атты тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына тарих пәнінің мұғалімі Елубай К.К баяндама оқыды.

Маусым айында «Адасқандар кімдер еді...» атты тақырыбында 8-11 сынып оқушыларына ақпараттық сабақ өткізілді. Оқушыларға видео көрсетіліп, жат ұйымдарды қалай ажырату керектігі түсіндірілді.

VII. Рейд жүргізу. Территориялық бақылау жүргізу туралы. Мектеп жасөспірімдерінің арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша ауылды территориялық бақылауға екі көшеге бөлдік. Мұғалімдерден және ата-аналардан тұратын екі топ ауылдың екі көшесін түнгі уақыттарда, демалыс күндері, мереке күндері кешкі және түнгі уақыттарда бақылауда ұстайды. Рейд жүргізеді. Мұғалімдер мен қатар бұл шараға 8-11-сынып ата-аналары қатысады. Әлеуметтік қорғалмаған отбасыларды сынып жетекшілер жылына екі рет тұрғылықты жері бойынша тексеру жүргізіп, оқушылардың тұрмыс жағдайының актісін құрастырады. Рейдтік жұмыстар өткізіліп, аз қамтылған оқушылармен жұмыс жасалды. Жасөспірімдердің түнгі қозғалысы да сынып жетекшілер және ата-аналармен бірлескен түрде бақылауда болды. 23.00 кейінгі уақытта көшеде қараусыз жүрген балаларды болдырмау мақсатында түнгі мезгілдерде рейд жүргізілді.

VIII. 2023-2024 оқу жылына аға тәлімгердің жұмысына талдау.

2023-2024 оқу жылына Аға тәлімгердің жұмыс жоспарында келесі мақсаттар мен

міндеттер белгіленді:

Мақсаты: Белсенді, тартымды және марапаттайтын Мектеп парламентін ұйымдастыру арқылы балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау.

Міндеттері: Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің барлық саласында қолдау көрсету;

- өз өлкесін мақтан етуге, оның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға, оның болашағына қызығушылыққа тәрбиелеу;

- мектеп оқушыларының бойында толеранттылыққа тәрбиелеу;

- балаларда азаматтық-патриоттық сананы, сондай-ақ қазақстандықтардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту;

- оқушылармен денсаулықты нығайту іс-шараларын жетілдіру және салауатты өмір салтын қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және жанжалсыз қарым-қатынас әдістерін дамыту;

жас ерекшелігі бойынша сындарлы қарым-қатынас, әлеуметтену, әлеуметтік бейімделу және әрбір оқушының шығармашылық дамуының негізі ретінде балалар ұйымын құру және дамыту;

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін келесі жұмыс әдістері қолданылды:

1. Балалар ұйымының мүшелеріне практикалық көмек көрсету.

2. Оқу материалдарымен жұмыс:

- сценарийлер мен бұқаралық іс-шараларды жазу.

- бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, мектепті мерекелерге безендіру, есте қаларлық даталарға арналған стендтерді безендіру;

- ұмытылмас даталарға арналған іс-шараларға қатысу;

- облыстық, аудандық және мектепшілік іс-шараларға, науқандарға және сынақтарға қатысу.

Аға тәлімгердің басты міндеті – балалардың қиын, бірақ қызықты жұмысында жетекші емес, аға жолдас болу. Сондықтан оның негізгі мақсаттарының бірі мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруының жұмыс істейтін жүйесін құру болып табылады, оның қызметі келесі салаларға бөлінеді:

- 1) Спорт және салауатты өмір салты

- 2) Волонтерлік

- 3) Құқықтық тәртіп

- 4) Экология және еңбек

- 5) Баспасөз және ақпарат

- 6) Мәдениет және пікірталас

Бірінші тоқсанда келесі іс-шаралар өткізілді:

2023 жылдың қыркүйек айы.

2023 жылғы 1 қыркүйек: Білім күніне арналған салтанатты жиын – «Менің туым» өңірлік жобасының бірінші кезеңі Туды облыстық, аудандық жарыстардан үздік

шыққан спортшыларымыз: 8 сынып оқушысы Темирбулатов Ансар мен 10 сынып оқушысы Мухамбет Арман көтерді.

«Білім күні 1қыркүйек «Жас Ұлан» балалар ұйымы өз жұмысын 1-қыркүйек білім күнінен бастады. Білім күніне «Мектебім мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізілді. Әрбір сыныпқа жауапты топ басшы тағайындалды. Олар сынып жетекшілерінің көмекшісі болып саналады. Әрбір бас қосуда бұл топтар қандай жұмыстар атқарылды, күтілген нәтижеге жеттік пе? -деген сияқты мәселелер талқыға салынды. Баспасөз және ақпарат фракциясы бойынша Мектеп Парламентінің сайлауы өткізілді. Мектеп Парламентінің Ұланбасы болып 10 сынып оқушысы Мусабекова Кундыз тағайындалды. Қыркүйек айында «Менің Туым» атты акция жүргізілді. Отбасылық жоба бойынша «Familyday» отбасылық жоба өткізілді. Тіл мерекесіне орай «Тіл- тәуелсіздік тірегі» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Қазан айы:

1 қазан Қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты мерекелік бағдарлама өткізілді. Өзін-өзі басқару ұйымы бойынша Ұстаздар күніне «Дүблер күні және «Ұстаз ұлы тұлға» атты мерекелік бағдарлама өткізілді. Күз мерекесіне арналған «Арайлы алтын күз» атты сайыс жүргізілді. Мәдениет фракциясы бойынша мектебімізде «Өсер ұлдың ұланымыз» аты сайыс өтті. Республика күніне орай ««Менің Қазақстаным Отаным» атты мерекелік бағдарлама жүргізілді.

Қараша айы: «ЭКО Бум» облыстық жобасы «Жақсылық жаса» акциясы Пластикалық қақпақшалар мен қолданылған батареяларды жинау бойынша акция өткізілді.

Желтоқсан айы: «Қазақстан Менің Отаным» және Тәуелсіздік күніне орай «16 желтоқсан Тәуелсіздік күні» атты сурет көрмесі өтті. Құстарға арналған кафе» акциясы бойынша мектебімізде «Құстарға арналған ұяшық» атты экология және еңбек фракциясы бойынша ұяшық жасау акциясы өтті. Жаңа жыл мерекесіне арналған «Жаңа жыл 2024!» атты сурет көрмесі өткізілді. «Төрле, төрле Жаңа жыл! Атты мерекелік іс шара жүргізілді. 1 жарты жылдық қорытынды бойынша Жас Ұлан ұйымының жиналысы өткізілді.

Қантар айы:

«Жас Ұлан» балалар ұйымы «Шаңырақ » жобасы «Бауырсақтың түр түсін білеміз бе? атты облыстық жоба өткізді. «Құстарға арналған кафе» акциясы «Құстарға арналған ұяшық».

Ақпан айы:

Экобум жобасы бойынша ақпан айында жүргізілді. «Мектеп Парламенті» ұйымының мүшелері «Шаңырақ» жобасы «Киіз үйдің керегесі» «Сандық жасау» жобасы бойынша ақпан, наурыз айларында жүргізілді.

Наурыз айы:

8 наурыз аналар мерекесіне орай «Көктем келді, алақай!» қабырға газеті және сурет байқауы өткізілді. 8 наурыз- Халықаралық әйелдер күніне орай 1-11 сыныптар

арасында «Сыйынар ем, ана деген тәңірге» атты мерекелік ән шашу өтті.

22 наурыз мерекесіне орай мектебімізде «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» атты сурет көрмесі өтті. 1-11 сыныптардың қатысуымен. «Наурыз-жыл басы» ұлттық мерекелік бағдарлама жүргізілді. Мектебімізде 3-5 сынып оқушылары арасында аға тәлімгер мен сынып жетекшілердің қатысуымен «Құстар біздің досымыз!» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. «Қамқоршылық жасау» акциясы бойынша 8-11 сынып оқушыларымен «Құстарды аялайық» құстарға қамқор жасалды.

Сәуір айы:

Сәуір айында 2-4 сынып оқушыларымен «Ғарышкерлер күні» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. 1 мамыр-Бірлік күні «Ұланымыз ұлы елдің» «Мектеп Парламенті» ұйымына қабылдау рәсімі жүргізілді.

Мамыр айы:

9 мамыр Жеңіс күніне арналған «Жеңіс күні» қабырға газеті 9-11 сыныптар аралығында өткізілді. «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс» мерекелік іс-шара 8-11 сыныптардың қатысуымен. Мектеп түлектеріне арналған кеш «Қош бол, ұстаз, алтын ұя мектебіміз!» соңғы қоңырау мектеп түлектеріне арналған кеш. 1 маусым-Балалар қорғау күніне арналған мерекелік шара. «Қош бол, ұстаз, алтын ұя мектебіміз!» соңғы қоңырау мектеп түлектеріне арналған кеш сыныптар бойынша жүргізілді. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымында I- II жарты жылдық қорытындысы бойынша жұмыс атқарылды.

9, 11 сынып оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмысы

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысы үш бағытта құрылады: педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен және мектеп бітіруші оқушыларымен. Мектеп психологы, сынып жетекшілері мамандық таңдауға психологиялық бейімділігі бойынша 9, 11-сынып түлектері арасында диагностика, жеке және топтық консультациялар жүргізілді. Мектептің кешенді тәрбие бағдарламасына сәйкес 9-11 сыныптарда сынып сағаттары, лекториялар, ата-аналар жиналыстары, орта-арнайы және жоғары оқу орындарының кәсіби бағдар алушыларымен кездесулер өткізілді.

Орта мектеп түлектерін жұмысқа орналастыру мониторингісі

	2022-2023 оқу жылы	2023- 2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Түлектер саны	12	13	15
ЖОО	1	4	4
Колледж	3	2	7
Жұмысқа орналасқан	0	0	0
Оқымайды, жұмыс істемейді	0	0	0
Грант иегерлері	3	5	9

Мектеп оқушыларының жұмысқа орналасуын талдау колледждерге түсетін оқушылар санының көбеюін көрсетеді, бұған ата-аналармен жұмыс және оқушылардың мамандық таңдауға саналы көзқарасы дәлел бола алады. 9, 11 сынып түлектерінің кәсіби өзін-өзі анықтау мақсатында жыл сайын мектепте келесі іс-шаралар өткізілді:

* Павлодар қаласының жоғары оқу орындары мен колледждерінің кәсіби бағдар алушыларымен кездесу және т.б.

* оқушыларды кәсіби таңдауға көмек көрсету мақсатында ЖОО мен колледждердің кәсіптік бағдар берушілерінің ата-аналар жиналыстарында 9 және 11-сынып түлектерінің ата-аналарымен кездесулер, сондай-ақ үгіт-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Мектеп білім беру процесіне қатысушылардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етеді.

Жылдар	аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар саны	жетім балалар, ата-ананың қамқорлығысыз қалған балалар саны	патронаттық тәрбиедегі балалар саны	көпбалалы отбасылардан шыққан балалар
2023-2024	1	0	0	12
2024-2025	1	0	0	11
2025-2026	4	0	0	15

"Қамқорлық" қайырымдылық акциясын өткізу барысында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Оқу жылы ішінде аз қамтылған отбасыларға жеке кәсіпкерлер қатарынан демеушілік көмек көрсетіледі.

Аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушылардың жалпы білім беру қоры қаражатынан киім, аяқ киім, кеңсе тауарлары және тамақтану түрінде материалдық көмек көрсетілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша 2024-2025 оқу жылында өткізілген іс-шаралар.

Тәрбиенің мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар ұждан рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Тәрбиенің міндеттері: Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту.

Қойылған міндеттерге байланысты мектеп оқушыларымен ата-аналармен жүргізілген тәрбие жұмысының мазмұны:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша мектептің тәрбие жұмысының жоспары жасалды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілді.

Тәрбие ұштағанының идеологемалары: Ұлттық бірегейлік. Қоғамға қызмет. Экологиялық мәдениет. Құқықтық мәдениет және медиа сауаттылық. Буллингсіз әлем. Тәрбие парадигмасын жаңарту.

Тәрбие құндылықтары: Адал азамат: Жасампаздық және жаңашылдық. Тәуелсіздік және Отаншылдық;

Әділетті Қазақстан: Әділдік және жауапкершілік. Бірлік және ынтымақ.

Озық ойлы ұлт: Заң және тәртіп. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарын дамыту іс шаралары жүзеге асырылды.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс шараларды қамтиды. Қыркүйек айы «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы». Қазан айы «Тәуелсіздік және Отаншылдық айы». Қараша айы «Әділдік және жауапкершілік айы», Желтоқсан айы «Бірлік және ынтымақ айы».

Жүзеге асырылған іс-шаралар #біртұтас_тәрбие , #біртұтас_тәрбие_pvl, #біртұтас_тәрбие_pvl_тереңкөл, #kyzyltanmektebi, #bilim_terenkol, хэштегтерімен мектептің әлеуметтік парақшасында жарияланып отырды .

Әр айдың іс- шаралары бойынша күнделікті үзіліс кезінде «Ұлттық ойын -ұлт қазынасы» демекші ұлттық ойындар ойнатылды, «Өнегелі 15 минут» - ата-аналар өз балаларымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті әңгіме жүргізеді. Әңгіменің тақырыбын жоспар бойынша ата-анаға сынып жетекші WhatsApp желісі арқылы ескертіп отырады. «Үнемді тұтыну» бойынша суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша оқушыларға әр пән мұғалімі, әкімшілік түсіндіріп ескерту айтып отырады. «Күй күмбірі» - қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдайды. Апта сайын «Менің Қазақстаным» бойынша бірінші сабақта оқушылар Әнұран орындайды. Дәйексөздермен таныстырылып, мағынасы ашылып, түсіндіріледі. «Қауіпсіздік сабағы» бойынша жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздік негіздерін зерделеу бойынша тәрбие сағатының 10 минутын қауіпсіздік сабағына арнайды.

Қыркүйек айы «**Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**» бойынша «Менің Отаным- Қазақстан» тақырыбында 1-11сыныптарда бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. «Кітап - жан азығы» челлендж өткізілді. Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс -шаралар арнайы жоспар бойынша өткізілді. «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» бойынша 1-11сыныптарда тәрбие сағаттары, «Ұлттық пікірсайыс турнирлері» бойынша турнир өткізілді. «Менің отбасым- бақытты үйім» атты «Мирас», «Сырласу» клуб жетекшілерінің ұйымдастырылуымен дөңгелек стол өтті. «Еңбек түбі береке» сынып сағаты, Буллингтен қорған қауіпсіздік сабағы сынып жетекшілермен, ЖПИ бірлесе отырып құқықбұзушылықтың алдын алу

бойынша жиналыс өткізілді. «Таза ауыл- көрікті мекен» акция бойынша таза жұма өткізілді. Даналық мектебінің жұмысы бойынша арнайы жоспар құрылып, жеңгелер клубы жұмыс жасады. «Жасөспірімдер арасындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» бойынша бірыңғай құқықтық білім сағаты өткізілді.

Қазан айы **«Тәуелсіздік және Отаншылдық айы»** бойынша «Шабыт» республикалық жобасы шеңберінде «Даналық ұстаздан» челлендж, «Қоғамға қызмет ету» республикалық «Қамқор» жобасы шеңберіндегі волонтерлік қызмет. «Еңбегі адал жас өрен» республикалық жобасы аясында «Сыр-сұхбат» сүйікті мұғалімімен сұхбат. Мектеп парламентінің «Патриотизм» фракциясының жұмысы аясында «Бірыңғай дублер күні». Жол қауіпсіздігі. Қауіпсіздік сабағы сынып сағаты. «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында алдын алу іс шарасы. «Күзгі асар» жәрмеңкесі. «Әжемнің ертегілері» атты мульти пати. Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы. «Менің туған жерімнің тамаша жерлері фотокөрмесі. «Мира» және «Сырласу» жобалары шеңберінде Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100жыл» әдеби кеш. «Республикам-мақтанышым!» республика күніне арналған іс-шара. Кітапханашылар күніне арналған мерекелік бағдарлама. «Демалыста кітап оқимыз» шарасы бойынша демалыста оқыған кітаптары жайлы әңгімелеу. «Төрт тоқсан-төрт өнер» тұжырымдама шеңберінде өткізілген «Ақындар айтысы» танымдық сабағы. «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметтерін нығайту бойынша ата-аналармен дөңгелек стол өткізілді.

Қараша айы **«Әділдік және жауапкершілік айы»** бойынша «Адал азамат -Адал еңбек - Адал табыс», «Ұлттық валюта- теңге күні» сынып сағаттары өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» республикалық жобасы аясындағы зияткерлік ойыны өткізілді. «Төрт тоқсан -төрт өнер» тұжырымдама аясындағы «Алтын сақа» жарысы, «Мирас» және «Сырласу» клуб мүшелерімен клуб жетекшілері «Ибалы ұл, инабатты қыз-өмір көркі» атты әңгімелесу сағаты өтті. «Ұлдар гигиенасы» тақырыбында медбике «Мирас» ұлдар клуб мүшелеріне дәріс оқыды. «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметтерін нығайту бойынша ата-аналармен дөңгелек стол өткізілді.

Желтоқсан айы **«Бірлік және ынтымақ айы»** бойынша «Қамқор» республикалық жобасы аясында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы бойынша мектептегі, сыныптағы тазалықты қолдау акциясы. «Қамқор» республикалық жобасы аясында «Дармарка -заттардың екінші өмірі» акциясы. «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджге қатысты. «Тәуелсіздігім -тұғырым» тақырыбында «Мирас» және «Сырласу» клуб мүшелерімен дөңгелек стол өткізілді. «16желтоқсан -Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» атты тәрбие сағаттары өткізілді. «Ойынға салауатты көзқарас» тақырыбында лудоманияның алдын алу үшін сынып сағаты өткізілді. «Бірлік және ынтымақ құндылығы» тақырыбында сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді. Оқушылар «Болашаққа хат» тақырыбы бойынша шығарма жазды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтерін нығайту бойынша сабақтар өткізілді. Экоboom облыстық жобасы шеңберінде «Құстарға арналған кафе» жасалынды. Жаңа жыл мереке

қарсаңында «Төрлет, төрлет Жаңа жыл» атты мерекелік бағдарлама жасалынып, ертеңгілік өткізілді.

Қаңтар айы - **«Заң және тәртіп айы»** бойынша «Ұшқыр ой» алаңы республикалық жобасы аясындағы зияткерлік ойындар өткізілді. «Балалар кітапханасы» республикалық жобасы аясында Ертіс өңірінің ұлыақындарының шығармалары бойынша әдеби оқулар өткізілді. «Буллингтен қорған»қауіпсіздік сабағы, облыстық «Мирас» және «Сырласу» жобалары аясында « Мен және менің құқығым» тақырыбында құқықтық сағат өткізілді. «Smart bala» республикалық жобасы шеңберінде «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурсы. «ЭКОboom» жобасы аясында «Жақсылық жаса» акциясы, «Құстарға арналған кафе» акциясы ұйымдастырылды.

Ақпан айы – **«Жасампаздық және жаңашылдық айы»** бойынша «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбы бойынша қауіпсіздік сабағы өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» республикалық жобасы аясында дебат , облыстық «Мирас» жобасы аясында «Дос болам десең, досыңды сыйла қымбаттым!» тәрбие сағаты өткізілді. «Smart bala» республикалық жобасы «Startup» конкурсы, «Қамқор» жобасы аясында «Мейірімділік аптасы» акциясы, «Еңбегі адал-жас өрен» республикалық жобасы аясында «Мамандықтар әлеміне саяхат» ойыны өткізілді. . «Балалар кітапханасы» республикалық жобасы аясында кітап оқу сағаты, «Сырласу» жоба аясында «Ұлттық аспаптар сыры» шеберлік сағаты ұйымдастырылды.

Наурыз айы – **«Тәуелсіздік және отаншылдық айы»** бойынша «Алғыс -ізгі ниет» тақырыбы бойынша облыстық челленджге қатыстық. «Шабыт» республикалық жобасы аясында «Ананың аялы алақаны» челлендж, «Ұлттық мәдениет» көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп парламентінің «Құқық және тәртіп» фракциясы жұмысының аясында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» мектептегі заң бұзушылықтарға қарсымыз атты акция өткізілді. «Наурыз -жыл басы» мерекелік концерт, «Сырласу» облыстық жобасы аясында «Ұлы даланың ерке қызы» облыстық конкурсқа қатысты, «Өнерлі қыз» әжелермен кездесу, «Қамқор» республикалық жобасы шеңберінде «Жер сағаты» экологиялық акциясы, «Мирас» жобасы аясында «Аталар мұрасы-халық қазынасы» шығармашылық сағаты, «Балалар кітапханасы» республикалық жобасы шеңберінде буккросинг өткізілді.

Сәуір айы – **«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»** бойынша «Өмірге салауатты қадам» тәрбие сағаттары өткізілді. «Сырласу» олыстық жобасы аясында «Сұлулық -қызға ғана тән» шығармашылық сағаты, ата-аналарға арналған «Атадан - өсиет, анадан қасиет» шеберлік сағаты, мектеп парламентінің «Білім және мәдениет» фракциясының жұмысы аясында «Мен көшбасшымын» жобасына қатысты. Шахматтан турнир өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» республикалық жобасы шеңберіндегі дебат, «Төрт тоқсан-төрт өнер» тұжырымдамасы аясында «Туған өлкем» фестивалі бойынша іс-шаралар өткізілді. «Қамқор» жобасы аясында эчеллендж түлектер ағаш егті, облыстық «Мирас» жобасы аясында «Сарбаз-ел қорғаны» сайысқа қатысты. Облыстық «ЭКОboom» жобасы аясында «Жақсылық

жаса» акциясы ұйымдастырылды.

Мамыр айы- **«Бірлік және ынтымақ айы»** бойынша «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қазақстан халықтарының бірлігі күні аясында «Бір шаңырақ астында» тақырыбында жәрмеңке өткізілді. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер сайысы өткізілді. «Жеңіс рухы-жүрегімізде!» мерекелік бағдарлама өткізілді. Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында суреттер, фотосуреттер көрмесі жасалынды. «Жасыл мекен» тақырыбы бойынша көшеттер отырғызылды. «Менің туым» облыстық жобасы аясында Мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Менің туым-мақтанышым» атты сайыс өткізілді. Мектеп парламентінің «Патриотизм» фракциясының жұмысы аясында «Жас Ұлан» БҰҰ қатарына жасқырандықтарды салтанатты қабылдау. «Білімім-Отаныма!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы қызметтері қорытындыланды.

2024-2025 оқу жылы барысында тәрбие жұмысы жоспарға сай жүргізілді. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы артты. Көптеген іс-шараларға ата-аналар мен қоғамдастық мүшелері тартылды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жоспары бойынша 2024-2025 оқу жылында өткізілген іс-шаралар.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметі балалардың әл-ауқаты ұғымына негізделген, өйткені ата-аналар баланы дамыту мен тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Өзара сыйластық пен қолдау отбасының әрбір мүшесіне басқаларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты сезінуге көмектеседі – бұл құндылықтар қақтығыстар мен дауларды тиімді шешу, ымыраға келу және бір-бірін түсіну қабілетін қалыптастырады. Отбасында әл-ауқатты қалыптастыру және қолдау оның барлық мүшелерінің үнемі күш-жігерін, назарын және қамқорлығын талап етеді, ал үй ортасы - бала білім алып, дами бастайтын алғашқы орта.

Эмоциялық тұрақтылық және ата-ана-баланың жағымды қарым-қатынасы салауатты үй ортасына ықпал етеді. Ата-аналар баланың салауатты психологиялық дамуы үшін аса маңызды эмоциялық қолдау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

2024-2025 оқу жылында біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі, балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында құрылып отыр. Орталық жетекшісі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тағайындалды. Құрамына аға тәлімгер, «Даналық жеңгелер» клубының жетекшісі, сынып жетекшілер мен педагог-психолог енді. Орталық жұмыс жоспарына сай төмендегідей тәрбие жұмыстары жүргізілді.

1-4-сынып оқушыларының ата-аналары үшін: «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы», «Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру», «Назар аударуды дамыту», «Логикалық ойлауды үйрету», «Отбасылық келісімнің кепілі»

сенімді қарым-қатынас» , «Баланың өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі», «Бақытты ана құпиялары», «Балалардың қауіпсіздігі- ересектердің қамқорлығы» тақырыптарында тәрбие сағаттары , дөңгелек стол, тренинг, дәріс түрлерінде өтті.

5-9-сынып ата-аналарымен «Жасөспірімдегі ұйқы: Оқуға және мінез-құлыққа әсері», «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі», «Жадыны дамыту», «Балаңыздың ой-пікірін ояту», «Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі», «Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы», «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?», «Әкелік-бала бақытының қайнар көзі» тақырыптарында түрлі іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді.

10-11-сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жасөспірімнің ұйқысы мен психикалық денсаулығы», «Тамақ ішу», «Өмір бойы оқыту: неге? қалай?», «Шығармашылық ынталандыру», «Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздікке құқық», «Ата-аналардың эмоциялық күйреуі: оны қалай болдырмауға және жеңуге болады?», «Жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру», «Болашаққа ұмтылу: балаңызға өз әлеуетіне жетуге қалай көмектесуге болады?» тақырыптары бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.

Осы орталық аясында «Даналық» жеңгелер клубы жұмыс істейді. Жоспар құрылып, мектеп директорының м.а. Б.К. Турсуновамен бекітілді. «Даналық» жеңгелер клубының жоспарына сай төмендегідей тақырыптарда іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ: «Қыз қылығымен көрікті», «Отбасындағы бала тәрбиесі», «Қызы бар үйдің жеңгесі бар», «Қыздар білуге тиіс...» (тұрмыстық қажеттіліктер, тамақ пісіру, киім тігу), «Баланы жастан» Баланың тапқырлығы мен эрудициясын қалай дамытуға болады?», «8-наурыз -Халықаралық әйелдер күні», «Қазіргі жеңгелерге көзқарасыңыз қандай? Нағыз жеңге қандай болу керек?» , Қыз ғұмырдың құпиялары , «Қызым саған айтам» тақырыптарында дөңгелек стол, онлайн жиналыстары, практикалық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, пікірталастар, сырласу кеші, тәрбие сағаттары өткізілді.

Ұсыныс: Орталықтың жұмысы ата-ана -мектеп-бала үштігінің баланысын күшейтіп, бала тәрбиесіндегі бірлікті қамтамасыз етуге айрықша үлесті одан сайын арттыру.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша 2024-2025 оқу жылында өткізілген іс-шаралар.

Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында жоспар құрылып, мектеп директорымен бекітілді. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық әрекеттерін жасаудың алдын алу» тақырыбында мектеп оқушыларымен ЖПИ кездесу өтті. Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жасырын сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша мектеп оқушылары арасында зорлық-зомбылыққа душар болған оқушылар анықталған жоқ. Зиянды әдеттерге әуестікті анықтау мақсатында ұл балалардан психологиялық сауалнама алынды. «Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында мектеп оқушыларымен тәрбие сағаты өтті. 8-11-сынып ұлдарымен «Вейптің зияны» тақырыбында пікірталас,

«Нашақорлық және құқықбұзушылық» тақырыбында тәрбие сағаты, 2-11-сынып оқушыларымен «Мектепте көрсетілетін зорлық-зомбылықты анықтау» тақырыбында жасырын сауалнама алынды. 7-11-сынып оқушыларымен «Психобелсенді заттар, жастар және қоғам» тақырыбында дәріс, «Заңды білмеу жауаптан босатпайды» тақырыбында дөңгелек үстел қткізілді. 1-11-сынып жазғы уақыттарда оттан, судан қорғану, жолда қауіпсіздік сақтау қауіпсіздік ережелерін еске түсірді, танысты. Жазғы демалыс кезінде балаларды қадағалау жөнінде және бала өмірінің қауіпсіздігі жөнінде ата-аналар жиналысы өткізілді.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жылдық жоспар құрылды. 3-4-сынып оқушылар арасында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында мектеп психологы ата-аналармен тренинг өткізді. 5-11-сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. 9-11-сынып оқушыларымен «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында баяндама оқылды. «Менің бақытты отбасым» тақырыбында 1-2-сынып оқушылары арасында сурет көрмесі өтті. *Сурет* көрмесінің мақсаты: балалалардың отбасына деген мейірімін, махаббатын, *бақытты* сәттерін өздерінің салған суреттері арқылы жеткізу. Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу, оқушыларды еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамшылдыққа, қайырымдылыққа үйрету және оқушылардың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру мақсатында 7-9-сынып оқушылары «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы!» тақырыбында эссе жазды. Бастауыш сынып оқушыларымен «Менің құқығым және міндетім» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналарға арналған жадынама таратылды.

Жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын-алу мақсатында «Жыныстық қатынастың алдын-алу» тақырыбында 10-11-сынып оқушыларына баяндама оқылды. «Ибалы ұл, инабатты қыз» тақырыбында «Сырласу» қыздар клубы, «Мирас» ұлдар клубымен тәрбие сағаты өткізілді. Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру мақсатында «Мирас» ұлдар клубымен «Ұлдар гигиенасы» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне арналған «Дұрыс жолды таңда-адам құқығы жолы» ұранымен акция аясында жұқпалы ауруларды жұқтырмаудың жолдары жайлы ақпарат беру мақсатында жадынама жасалып таратылды. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде жеке қауіпсіздік мәселелерін сақтау бойынша бастауыш сынып оқушыларына арналған әңгіме, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Сырласу» қыздар клубымен «Қыздар гигиенасы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 9-11-сынып оқушыларымен «Жасөспірімдердің жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. ЖИТС мәселелері бойынша суреттер, плакаттар, ақпараттық материалдарың тақырыптық көрмесі ұйымдастырылды. Қыз бала тәрбиесі

және *ерте жүктіліктің алдын алу* мақсатында 9-11-сынып оқушыларымен «Ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 8-11-сынып оқушыларына «Қалай зорлық-зомбылыққа душар болмау» тақырыбында баяндама оқылды. Оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Салауатты өмір салтын және зиянды әдеттердің алдын-алу мақсатында мектеп оқушылары табиғатқа саяхатқа шықты. «Электрондық темекі, вейптің зияны» тақырыбында 8-11-сынып оқушыларына дәріс оқыды. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Асық ату» ұлттық ойыннан жарыс өтті. Бастауыш сынып оқушыларымен «СПИД деген не?», 5-11-сынып оқушыларымен «СПИД-ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп медбикесі 1-11-сынып оқушыларымен «Дұрыс тамақтанудың маңыздылығы» тақырыбында дәріс өткізді. «Вейптің зияны» тақырыбында ата-аналарға арналған баяндама оқыды. Бастауыш сынып оқушыларымен «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» тақырыбында тәрбие сағаты, «Денсаулықтың достары мен қастары» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Қызға қырық үйден тыйым», тақырыбында «Сырласу» қыздар клубымен тәрбие сағаты өтті. «Жұқпалы аурулар» 7-11-сынып оқушыларымен дәріс өткізілді. 8-11-сынып оқушыларымен «Есірткісіз болашақ» тақырыбында плакат салды. «Жасөспірімдердің жыныстық жетілуі» тақырыбында ата-аналарға арналған жадынама жасалды. Салауатты өмір салтына бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді. Оқушылар арасында белсенділік, қызығушылық байқалды.

Балаларды жәбірлеудің, әлімжеттік көрсетудің алдын-алу мақсатында тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды. 7-10-сынып оқушылары арасында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында жасырын сауалнама алынды. 7-9-сынып оқушыларымен «Қауіпсіз мектеп ортасы» кибербуллингтен қорғау тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 2-11-сынып оқушыларынан әлімжеттілікті анықтауға арналған сауалнама алынды. Оқушылар арасында буллингке (қорлау, мазақ ету, қысым көрсету) қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында 6-7-сынып оқушыларымен «Біз буллингке қарсымыз!» сурет көрмесі өткізілді. «Заңды білу – заман талабы», «Буллинг және кибербуллинг» тақырыптарында мектеп оқушыларымен психологиялық сағат өткізілді. Оқушылардың достық, өзара түсіністік, бірлік сезімін дамыту мақсатында «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу», «Әлімжеттікке жол жоқ!» тақырыптарында алдын алу жұмыстары жүргізілді. Жыл көлемінде оқушылар арасында буллингтің, жәбірлеудің, әлімжеттік көрсетудің алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Наркологиялық бекеттің «Жасөспірім шақтағы нашақорлық мәселесі», «Есірткіні қолданудың салдары», «Зиянды заттардан аулақ бол» тақырыбында ЖПИ түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Зиянды әдеттерге жол жоқ!», 8-11-сынып оқушыларымен «Қазақстанның болашағы есірткісіз!» сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларды жаман әдеттен сақтандыру мақсатында 6-7-сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өтті. 9-11-сынып оқушыларымен «Есірткі және құқықбұзушылық» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. 8-11-сынып оқушыларымен

«Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға нашақорлық және оның зияны туралы ақпарат берілді. Темекі, нашақорлық, алкогольдің алдын-алу үшін 8-11-сынып оқушылардың ата-аналарына арналған жадынама мектеп парақшасына жарияланып, ата-аналарға таратылды. 9-11-сынып оқушыларының ата-аналары үшін нашақорлықтың, темекі шегудің зияндылығы жөнінде тренингтер ұйымдастырылды. 5-11-сынып оқушыларымен «ЖҚТБ-ғасыр дерті» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Бастауыш сынып оқушыларымен «Сақтансаң, сау боларсың!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. «ЖҚТБ нашақорлық, темекі шегу, ішімдікке қарсы сауалнама алынды. Мектеп медбикесі «Нашақорлық ең ауыр індет» тақырыбында баяндама оқыды. «Мирас» ұлдар клубының ұйымдастыруымен «Есірткі адамға қаншалықты зиян?» тақырыбында бейнеролик жасады, мектеп парақшасына жүктелді. «Нашақорлық және қылмыс» тақырыбында дөңгелек үстел, «Сенің өмірің, сенің ортаң» тақырыбында пікірталас, «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. «Біз салауатты өмір сүреміз», «Шынықсаң шымыр боласың!» бастауыш сынып оқушыларымен спорттық жарыс өткізілді. «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында плакат салды. «Балалардың эмоциялық интеллектісін дамыту» тақырыбында танымдық сағат, «Денсаулыққа қауіпті факторлар» тақырыбында дөңгелек үстел, «Зиянды әдеттерден аулақ болайық» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп оқушыларымен жыл көлемінде нашақорлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушылар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында 9-11-сынып оқушыларымен «Діни экстремизм дегеніміз не?», «Қазақстандағы тыйым салынған діни экстремистік ұйымдар», «Дін-халықтың рухани негізі» тақырыбында тәрбие сағаттары, «Дүниежүзілік діндер» тақырыбына баяндама оқылды. 8-11 сынып арасында «Жат ұйымдарды қалай танимыз?» атты тақырыпта ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақ барысында жат ұйымдардың белгілері анықталып, адам өмірі үшін қауіптілігі анықталды. Жат ұйымдарға қарсы қандай іс қимыл жасау керектігі түсіндірілді. Сабаққа 8-11 сынып оқушыларының сынып жетекшілері қатысты. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, сұрақтарға жауап берілді. «Діни ағымдардың таралу жолдары» атты баяндама оқыды. Оқушыларға видео материалдар ұсынылды. «Діни мерекелер», «Ислам және тазалық», «Отбасындағы сыйластықтар» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқушылар арасында жарақаттанудың алдын алу – мектептегі қауіпсіздік бағытындағы басты жұмыстардың бірі. Жыл бойы осы бағытта жүйелі түрде түсіндіру, профилактикалық және бақылау шаралары жүргізілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы балалар жарақатының алдын-алу мақсатында мектеп оқушылармен түсіндірме жұмыстары, қауіпсіздік сағаттары өткізіледі. Бастауыш сынып оқушылары «Жүргізушіге хат» челленджіне қатысты. «Мектепке апарар қауіпсіз жол» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар арасында

ауыр жарақат фактілері тіркелмеді. Мектеп оқушыларына өмір қауіпсіздік ережелеріне байланысты түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналармен «Құқықтық тәрбие отбасынан басталады» тақырыбында баяндама оқылды. «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. «Көктемгі уақыттағы балалар өмірінің қауіпсіздігі» тақырыбында ата-аналарға арналған онлайн жиналыс.

Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында үйірме, клуб, спорт секциялары жұмыс жасады.

Балалардың құқықтары туралы хабардар ету және балалардың құқықтарын қорғау мақсатында «20 қараша – дүниежүзілік бала құқығын қорғау күні» апталығы өткізілді. Апталық барысында бастауыш сынып оқушыларына «Күндей күлген анамның баласы болып қаламын!» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. 8-9-сынып оқушылары «Бала құқығы - асыл қазына» тақырыбында эссе жазды. 5-11-сынып оқушыларымен «Дені сау адам – табиғаттың жемісі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. 2-4-сынып оқушыларымен «Бала құқығы – сенің құқығың» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп психологы «Бала еңбегін қанауға жол жоқ!» тақырыбында ата-аналармен онлайн форматта жиналыс өткізіп, презентация көрсетті.

«Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы барысында төмендегідей іс-шаралар өткізілді. «Отбасындағы зорлық-зомбылықты қалай анықтауға болады?» тақырыбында ата-аналарға арналған бейнекөрініс онлайн форматта өтті. «Бастауыш сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сурет көрмесі және 1-11-сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өтті. Мектеп кітапханасында «Құқықтық білім бұрышы» тақырыбында мектеп оқушыларына көрме ұйымдастырылды. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту мақсатында 5-9-сынып оқушылары «Біз әлемді өзгертеміз, зорлықсыз әлемді қалай құруға болады?» тақырыбында эссе жазды. «Мирас» ұлдар клубымен «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. ЖПИ және мектеп медбикесі мектеп оқушыларымен «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс өтті. Мектеп оқушыларына зиянды заттардан аулақ болуға шақырды. Зорлық-зомбылық көрсетілген жағдайда заң бойынша жауапқа тартылатындарын қатаң ескертті. «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» тақырыбында 7-сынып оқушылары видеоролик жасады.

Мектеп оқушыларының түнгі қозғалысын бақылау мақсатында рейд кестесі құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Ата-аналармен бірлесе отырып оқушылардың түнгі қозғалысын бақылау мақсатында кезекшілік өтеді. Сабакты себепсіз босатқан оқушылар және қадағалаусыз, панасыз жүрген оқушылар жоқ.

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылар жоқ.

**«Мектеп Парламенті» балалар мен жасөспірімдер ұйымының
2024-2025 оқу жылында атқарылған жылдық жұмысына талдау**

2024-2025 оқу жылына Аға тәлімгердің жұмыс жоспарында келесі мақсаттар мен міндеттер белгіленді:

Мақсаты: Белсенді, тартымды және марапаттайтын Мектеп парламентін ұйымдастыру арқылы балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау.

Міндеттері: Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетінің барлық саласында қолдау көрсету;

- өз өлкесін мақтан етуге, оның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға, оның болашағына қызығушылыққа тәрбиелеу;

- мектеп оқушыларының бойында толеранттылыққа тәрбиелеу;

- балаларда азаматтық-патриоттық сананы, сондай-ақ қазақстандықтардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту;

- оқушылармен денсаулықты нығайту іс-шараларын жетілдіру және салауатты өмір салтын қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және жанжалсыз қарым-қатынас әдістерін дамыту;

жас ерекшелігі бойынша сындарлы қарым-қатынас, әлеуметтену, әлеуметтік бейімделу және әрбір оқушының шығармашылық дамуының негізі ретінде балалар ұйымын құру және дамыту;

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін келесі жұмыс әдістері қолданылды:

1. Балалар ұйымының мүшелеріне практикалық көмек көрсету.

2. Оқу материалдарымен жұмыс:

- сценарийлер мен бұқаралық іс-шараларды жазу.

- бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, мектепті мерекелерге безендіру, есте қаларлық даталарға арналған стендтерді безендіру;

- ұмытылмас даталарға арналған іс-шараларға қатысу;

- облыстық, аудандық және мектепшілік іс-шараларға, науқандарға және сынақтарға қатысу.

Аға тәлімгердің басты міндеті – балалардың қиын, бірақ қызықты жұмысында жетекші емес, аға жолдас болу. Сондықтан оның негізгі мақсаттарының бірі мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқаруының жұмыс істейтін жүйесін құру болып табылады, оның қызметі келесі салаларға бөлінеді:

«Жас Ұлан» балалар ұйымы өз жұмысын І-ІІ жартыжылдық жоспары бойынша бастады. «Жас Ұлан» балалар ұйымында жыл бойында Ұлттық құндылықтар бойынша мынандай іс-шаралар жүзеге асырылды.

Оқу жылының басында:

1. 2024-2025 оқу жылы аға тәлімгердің нормативті құжаттармен, нұсқаулық

хаттарымен таныстым.

2. «Біртұтас тәрбие»бағдарламасының құндылықтары мен жобаларымен таныстырылды.

2024-2025 оқу жылында білім алушыларға «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізілді. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 18. 09 № 269 бұйрығының 1 қосымшасы бойынша «Жеке қауіпсіздік» сабақтарының тақырыптары енгізіліп, әр сынып сағаттың сонында 10 минут өткізілу керек екенін айтты.

1. Аға тәлімгердің жылдық жоспары жасап бекітілді.

2 «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымының тізімі бекітілді..

3. Оқушылар «Мектеп Парламентінің» жылдық жоспары бойынша Ұлттық құндылықтарға байланысты өткізілетін іс- шаралармен таныстырылды.

4. Фракциялар бойынша шаралар жүргізілді.

5. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспары бекітілді.

6. Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету жоспарына сәйкес «Даналық мектебі» бойынша Жеңелер клубы бойынша жұмыстар атқарылды.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Адал адам Адал еңбек атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылғы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына еңгізілді.

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық, пен адалдық, ар ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері: Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу: Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру; Азаматтық жауапкершілік пен патриотимді дамыту; Апта сайынғы әр сынып сағатының сонында немесе басында 10 минут қауіпсіздік сабақтарына арналды.

Қыркүйек- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Білім күніне «Мектеп –мейірім мекені» «Қауіпсіздік сабақтары (10 минут) «Менің туым» облыстық жобасын іске асыру шеңберінде оқу жылының басталуына арналған мемлекеттік ту көтерілді. Тіл меркесіне орай «Тіл асыл қазынам» Отбасы күніне «Отбасым бақыт мекені» Қайырымдылық акциясы жүргізілді. «Еңбегі адал жас өрен», «Экобоом» жобасы аясында «Жақсылық жаса» «Күздің сыйлықтары» «Болашақ бақшасы» атты акциясылар өткізілді..

Қазан –тәуелсіздік пен Отаншылдық айы

Қоғамдық қызме ету республикалық «Қамқор» жобасы шеңберіндегі «Волонтерлік қызмет» Қауіпсіздік сабақтары (10 минут) мектепшілік акциясы.

«Шабыт» республикалық жобасы шеңберінде «Даналық ұстаздан» ұстаздар күніне арналған челлендж. Мектеп Парламентінің «Патриотизм» фракциясының жұмысы аясында Өзін-өзі басқару күніне орай «Біріңғай дублер күні» «Еңбегі адал жас

өрен» республикалық жобасы аясында «Күзгі асар жәрменкесі»

25 қазан- Республика күніне «Республикам мақтанышым» «Менің туған жерімнің тамаша жерлері» атты іс- шаралар өткізілді.

Қараша-әділеттілік пен жауапкершілік айы

Ұлттық валюта күні-тенге «Адал азамат-Адал еңбек»-Адал табыс» атты тәрбие сағаты.

Адал ұрпақ ерікті мектеп клубтарының Мектеп Парламентіі «Құқық және тәртіп сағаттары жүргізілді. «Экобоом» жобасы аясында «Жақсылық жаса», «Құстарға арналған кафе» акциясы өтті.

Желтоқсан- бірлік пен ынтымақтық айы

Дүниежүзілік еріктілер күні- волонтер күні

«Қамқор» республикалық жобасы аясында «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» «Дармарка заттардың екінші өмірі» атты мектепте, сыныпта тазалықты қодау акциясы жүргізілді. «Біз Тәуелсіз елміз» атты дөңгелек үстел «Буллингтен қорған!» атта алдын алу шаралары жүргізілді.

Қаңтар-заң және тәртіп айы

«Біз сыбайлас жемқорлық қарсымыз» дөңгелек үстел. «Заң және тәртіп» құндылығы «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» атты тәрбие сағаттары. «Экообом» жобасы бойынша «Құстарға арналған кафе» акциясы өтті.

Ақпан- жасампаздық пен жаңашылдық айы

Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

«Буллингтен қорған» Қауіпсіздік сабағы 10 минут. Қамқор» жобасы аясында «Мейірімділік аптасы» акциясы. Облыстық «Экообом» жобасы шенберінде «Қауырсындағы ғажайып» акциясы өткізілді.

Наурыз- тәуелсіздік пен отаншылдық айы Алғыс айту күні

Алғыс айту күні аясында «Рахмет саған» атты облыстық челлендж. «Шабыт» республикалық жобасы аясында «Ананың аялы алақаны» акциясы. Мектеп Парламентінің « Құқық және тәртіп» фракциясы жұмысының аясында «Сыбайлас «жемқорлыққа жол жоқ» Мектептегі заң бұзушылыққа қарсымыз» акциясы өтті «Наурыз жыл басы» сынып сағаттары жүргізілді.

Сәуір-еңбексүйгіштік пен кәсіби шеберлік айы

2 сәуір Халықаралық кітабы күні

«Алғыс айту күні» «Біз тандайтын кітаптар» «Өмірге салауатты қадам» атты сынып сағаттары жүргізілді.

Эко челлендж «Түлектердің ағаш егуі» «Қамқор» республикалық жобасы аясында челлендж өтті.

Мамыр-бірлік пен ынтымақтастық айы

1 мамыр –Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Бір шаңырақ астында»

15 мамыр Отбасы күніне ұйымдастырылған «Отбасылық дәстүрлер» Ата-аналарды педагогикалық қолдау көрсету ортылығы бойынша шаралар атқарылды.

«Менің туым» облыстық жобасы аясында Мемлекеттік ріміздер күніне арналған

«Менің туым мақтанышым» атты тәрбие сағаты. Мектеп Парламентінің «Патриотизм» фракциясының жұмысы аясында «Жас Ұлан» ББҰ қатарына «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау салтанатты жүргізілді. «Қош бол ұстаз, алтын ұя мектебім!» соңғы қоңырау мектеп түлектеріне арналған кеш сыныптар бойынша жүргізілді. 25 мамырда соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиын өтті.

Спорт нұсқаушының 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмыстары.

11.09.2024 жылы 5-6 сынып оқушылары арасында мектепішілік футбол жарысы өтті. Жетпеген командаға басқа сыныптардан оқушылар қосылды.

15.09.2024 жылы 7-8 сынып оқушылары арасында мектепішілік футбол жарысы өтті.

22.09.2024 жылы жазғы президенттік көпсайыс өткізілді.

13.10.2024 жылы 5-6 және 7-8 сынып аралығында мектепішілік тоғызқұмалақ ойынынан жарыс өткізілді.

27.10.2024 жылы 7-8 сынып оқушылары арасында Волейболдан жарыс өткізілді.

01.12.2024 жылы 5-6 сынып қыздары арасында мектепішілік баскетбол ойыны өткізілді.

15.12.2024 жылы 7-8 сынып оқушылары арасында гандбол ойынынан мектепішілік жарыс өткізілді.

26.01.2025 жылы қысқы президенттік көпсайыс өткізілді.

31.01.2025 жылы 5-6 сынып оқушылары арасында гандбол ойынынан мектепішілік жарыс өткізілді.

18.02.2025 жылы 5-6 сынып оқушылары арасында асық ату және бес асық ойынынан мектепішілік жарыс өткізілді.

5.03.2025 жылы 5-6 және 7-8 сынып оқушылары арасында үстел теннисынан мектепішілік жарыс өткізілді.

7.03.2025 жылы 7-8 сынып оқушылары арасында баскетбол ойынынан мектепішілік жарыс өткізілді.

28.03.2025 жылы 5-6 сынып оқушылары арасында мектепішілік баскетбол жарысы өтті.

4.04.2025 жылы 7-8 сынып арасында футбол ойынынан мектепішілік жарыс өткізілді.

18.04.2025 жылы 5-6 сынып оқушылары арасында волейбол ойынынан мектепішілік жарыс өткізілді.

29.04.2025 жылы 5-6 және 7-8 сынып оқушылары арасында мектепішілік жеңіл атлетикалық кросс өткізілді.

Қосымша ақпарат. Мектебімізде МІБ, ІІБ бақылауында тұрған, сәтсіз отбасынан балалар жоқ.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылы Тәрбие мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен

адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға

баулу;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Күнделікті

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Апта сайын

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

Облыстық жоспарды негізге ала отырып, мектепшілік жоспар құрылды. Барлық іс-шаралар жоспарға сай өткізіліп жатыр.

***Оқу-материалдық активтер**

Барлық материалдық құндылықтар мектеп базасында, инвентарлық нөмірлері белгіленген. Директордың шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары кітапшасына жазба жазылады. Мұғалімдермен толық материалдық жауапкершілік туралы келісімдер бар. Материалдық құндылықтарды есептен шығару белгіленген нысандағы актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Барлық материалдар стандарттарға сәйкес жұмсалады.

Ғимараттың, мекеме аумағының, кабинеттердің жағдайы тұрақты түрде қанағаттанарлық жағдайда ұсталады. Барлық оқу кабинеттері санитарлық-гигиеналық нормаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді.

Мектепте қауіпсіздік үшін өрт дабылы пульті, ескерту жүйесі мен дүрбелең түймесі, бейнебақылау орнатылған.

Асхана

Асхана типтік жалпы ауданы 48 ш.м. жалпы орын саны –36. Ыстық тамақпен қамту 100% құрайды.

Медициналық кабинет

Медициналық кабинет 2021 жылғы 26 қарашада № 201-п тіркелген келісім-шартқа сәйкес ашылып, ғимараттың тұрғын емес үй-жайының бір бөлігінде орналастырылған. Жалпы ауданы 11,8 ш.м.

Спорт залы

Мектепте жалпы ауданы 144 ш.м. 1 спорт залы бар.

Мектеп ғимаратын жөндеу жұмыстары жыл сайын жүйелі түрде жүргізілуде. Күн сайын ылғалды тазалау және залды желдету жүргізіледі.

